Қазіргі уақытта Қазақстанда 27 моноқала бар. Географиялық жағдайына байланысты 9 моноқала облыс орталықтарына жақын орналасқан (Хромтау, Текелі, Теміртау, Абай, Саран, Шахтинск, Рудный, Ақсу, Кентау), 7 – шалғайдағы ірі моноқалалар (Степногорск, Құлсары, Балқаш, Жезқазған, Сәтпаев, Жаңаөзен, Екібастұз), 11 – шалғайдағы шағын қалалар (Риддер, Курчатов, Алтай, Серебрянск, Жаңатас, Қаратау,

Ақсай, Қаражал, Арқалық, Жітіқара, Лисаковск). Қазақстандық моноқалалардың көпшілігінің негізгі мамандануы пайдалы қазбаларды өндіру және оларды алғашқы өңдеу болып табылады.

2021 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша моноқалаларда 1 375,9 мың адам тұрды. Динамика бойынша 5 жыл ішінде моноқалалардағы халық саны 0,1%-ға немесе 2,1 мың адамға азайды. Халық санының азаюы негізінен елдің солтүстік және өнеркәсіптік аймақтарында орналасқан 14 моноқалада орын алды. Халық санының ең көп төмендеуі Арқалық (-9,3%), Қаражал (-7,7%), Серебрянск (-6,1%), Риддер (-5,1%) және Алтай (-4,6%) моноқалаларында байқалады. 13 моноқалада халық санының оң динамикасы байқалады. Бұл ретте айтарлықтай жоғары көрсеткіштер Жаңатас (+6,2%), Құлсары (+6,0%), Кентау (+5,5%), Сәтпаев (+5,0%) және Хромтау (4,7%) моноқалаларында байқалады.

Еңбек нарығындағы жағдай жұмыс күшінің және жұмыспен қамтылған халықтың қысқаруымен сипатталады. Мәселен, 2017-2020 жылдар аралығында жұмыс күші 2,8%-ға (817,6-дан 795 мың адамға дейін) қысқарды. Ең көп төмендеу Арқалық (28%-ға), Ақсу (12%-ға) және Степногорск (11%-ға) қалаларында байқалды. Сонымен қатар, Хромтау, Ақсай, Балқаш, Қаражал, Саран, Теміртау, Жітіқара және Кентау моноқалаларында жұмыс күшінің артуы байқалады.

Моноқалаларда жұмыспен қамтылғандар саны 4,1%-ға қысқарды (2017 жылғы 773 мың адамнан 2020 жылғы 741,6 мың адамға дейін). Бұл қала құраушы кәсіпорын қуаттарының «толық қамтылмауымен», сондай-ақ өмір сүру сапасының салыстырмалы түрде төмендігінен туындаған халықтың жағымсыз әлеуметтік әл-ауқатымен байланысты.

Нәтижесінде еңбекке қабілетті халық санының қысқаруы келешегі бар моноқалаларды дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламаларын жүзеге асыруға кедергі болуы мүмкін.

Жұмыссыздық деңгейі төмендеп, 2020 жылы орташа есеппен 4,4%-ды (ҚР-да – 4,9%) құрады. Бұл ретте жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-28 жас) 4,2%-ға дейін өсті (2017 жылы – 3,9%).

Елдегі моноқалалардан көші-қон ағынының үрдісі, ең алдымен, өмір сүру сапасының төмендігі мен жұмыссыздыққа байланысты артуда. 2020 жылдың қорытындысы бойынша 27 моноқаланың ішінде көші-қонның оң

сальдосы тек 6 қалада (Степногорск, Курчатов, Алтай, Серебрянск, Жаңаөзен, Кентау) қалыптасты. Қалған 21 моноқалада теріс көші-қон сальдосы байқалды.

Жалпы қорытындылар: Моноқалаларда халық санының қысқару үрдісі жалғасуда. Халық санының азаюымен қатар жұмыс күші де қысқарып, халықтың жұмыспен қамтылуы азаюда. Ең алдымен өндіруші салаларға негізделген моноқала экономикасының ерекшелігін ескерсек, келешекте халық санының одан әрі қысқару үрдісі сақталуы мүмкін [19].

Моноқалалар еліміздің экономикалық дамуына зор үлес қосуда. 2021 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша моноқалалардағы негізгі капиталға 6 трлн теңгеге жуық қаржы тартылды. Бұл еліміздегі негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің жартысынан астамын (53%) құрайды. 2016-2020 жылдардағы динамика бойынша қалалардың көпшілігінде өсім байқалады. Жоғары өсім Кентау (5,6 есе), Қаражал (5,5 есе), Степногорск (4,6 есе), Жезқазған (3,6 есе) және Шахтинск (3,6 есе) қалаларында байқалады. 2021 жылдың 11 айында моноқалаларда 9,3 трлн теңгеге өнеркәсіп өнімі өндірілді, бұл республикалық өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемінің 28% құрайды. Сонымен қатар моноқалалардың көпшілігінде өнеркәсіп шикізатты өндіруге және оларды алғашқы өңдеуге негізделген. Осыған байланысты бірқатар моноқалалардың (мысалы, Жаңаөзен мен Арқалық) экономикасы үшін шикізат қорының сарқылуы күрделі мәселені туындатып тұр. Ұзақ мерзімді келешекте бұл процесс басқа моноқалаларға да әсер етеді. Тәуекелдерді азайту және тұрақты даму қарқынын қамтамасыз ету мақсатында жалпы сомасы 3,1 млрд теңгеге 7 объектіде (Риддер, Хромтау, Жезқазған, Теміртау және Балқаш қалаларының маңында) геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу жоспарлануда (2020 жылы – 850,1 млн теңге, 2021 жылы – 1 200,3 млн теңге, 2022 жылы – 1 045,6 млн теңге).

Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру мақсатында зәкірлі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда экономиканың шикізаттық емес секторларында 60 «зәкірлі жоба», оның ішінде: тау-кен металлургия өнеркәсібінде 16 жоба; химия өнеркәсібінде – 9 жоба, құрылыс индустриясында – 20 жоба, машина жасауда – 8 жоба,

АӨК – 7 жоба іске асырылуда. Бұл жобалар 9,6 мың жұмыс орнын құра отырып, жалпы сомасы 805,2 млрд теңгеге жүзеге асырылуда.

Моноқалалардың өзекті мәселелерін шешу үшін Әлеуметтік-экономикалық кешенді даму жоспарлары (бұдан әрі – КДЖ) іске асырылуда. Мәселен, Қарағанды облысының Жезқазған, Сәтпаев қалалары және Ұлытау ауданы бойынша 2022 жылға дейін (жалпы қаржыландыру 80 млрд теңге), Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы үшін – 2025 жылға дейін (307 млрд теңге) және Павлодар облысының Екібастұз қаласы 2022 жылға дейін (20 млрд теңге) КДЖ әзірленді, ол ағымдағы жылдың қыркүйек айында өткен Үкімет отырысында қаралып, бекітілген болатын.

КДЖ негізгі мақсаты – жаңа жұмыс орындарын құру, өнеркәсіп пен ШОК өнімдерін шығару көлемін, халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілу деңгейін және т.б. ұлғайту.

Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру факторы ретінде шағын және орта бизнесті қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Қаржы қаражаттарын (субсидиялар, гранттар, кепілдіктер, шағын несиелер) жүйелі пайдалану жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің санын 1,2%-ға (2018 жылғы 86 522 бірліктен 2020 жылы 87 587 бірлікке дейін) арттыруға мүмкіндік берді.

Алайда олардың жалпы өнімінің көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 34%-ға төмендеді (2020 жылы 620,8 млрд теңгеге қарсы 942,8 млрд теңге).

Моноқалаларда кәсіпкерлік субъектілері халықтың тұтынушылық сұранысын қанағаттандыруға бағытталған секторларда жұмыс істей отырып, дамуға жаңа серпін беруде.

Жекелеген моноқалаларда ШОК халықты қажетті тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз ету бойынша рөл атқарып қана қоймай, қала құраушы кәсіпорындардан босатылған жұмыскерлерді жұмыс орындарымен қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік функцияны атқаратынын атап өткен жөн.

Негізінен ШОК мемлекеттік қолдау шаралары қаржы құралдарын пайдалануға бағытталған. Мәселен, соңғы 3 жылда моноқалалардағы кәсіпкерлерге берілген гранттардың көлемі 3,5 есеге (63-тен 218 млн

теңгеге дейін), субсидиялар – 1,6 есеге (8,3-тен 13,5 млрд теңгеге дейін), шағын несиелер – 1,7 есеге (2,6-дан 4,5 млрд теңгеге дейін) ұлғайды.

Жалпы қорытындылар: Моноқалалар еліміздің дамуына зор үлес қосуда. Елдегі негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінің жартысынан астамы (53%) моноқалалардың үлесіне тиеді; республиканың өнеркәсіп өнімінің 28 пайызы моноқалалардағы кәсіпорындарда өндіріледі. Сонымен қатар моноқалалардың экономикасы қызметі пайдалы қазбаларды өндіруге негізделген қала құраушы кәсіпорындарға қатты тәуелді. Олардың экономикасын әртараптандыру үшін зәкірлі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. 3 моноқалада кешенді даму жоспарлары жүзеге асырылуда [20].

2.2. Бағыттар бөлінісінде моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық жай-күйін кешенді бағалау

Қалалардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі аймақтық саясат тиімділігінің, мемлекеттік органдардың стратегияларды таңдау кезінде негізгі факторларды және аумақтық даму ерекшеліктерін есепке алу мүмкіндігінің көрсеткіші болып табылады.

Шетелдік тәжірибені зерделеу моноқалаларды одан әрі дамыту векторларын анықтау үшін көрсеткіштерді динамикалық талдаудың бір өзі жеткіліксіз екенін көрсетті. Бұл жағдайда даму факторларын анықтау және әлеуетті өсу аймақтарын анықтау мүмкіндігі жоқ. Осыған байланысты интегралдық көрсеткішті пайдалану негізінде әлеуметтік-экономикалық жағдайды және даму әлеуетін кешенді бағалау алгоритмін әзірлеу туралы шешім қабылданды.

Жүйелік мәселелердің болуын ескере отырып, оны іске асыру стратегиялық жоспарлау тұрғысынан орынды, өйткені ол динамика мен үрдістерді диагностикалауға бағытталған, соның негізінде мемлекеттік реттеудің тиісті тетіктерінің жиынтығы анықталады.

Кешенді бағалаудың артықшылықтарының бірі маманданулардың әртүрлілігін, ресурстармен қамтамасыз етілуін (жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді қоса алғанда), геокеңістіктік орналасуын және жалпы аумақтың әлеуметтік тартымдылығын есепке алуға негізделген инклюзивті өңірлік саясат қағидаттарын іске асыру болып табылады.

Аудандардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын динамикалық бағалау 1-бағыт «Қаланың сипаттамасы».

Моноқалалардың ішінде ең үлкен аумақты Қарағанды облысындағы Балқаш қаласы (5915,9 км²), Қарағанды облысындағы Сәтпаев қаласы (1103,2 км²) және Батыс Қазақстан облысындағы Ақсай қаласы (800 км²) құрайды. Ал ең аз аудан Жамбыл облысындағы Қаратау қаласына (30 км²), Жаңатас қаласына (32,5 км²) және Шығыс Қазақстан облысындағы Серебрянск қаласына (34,4 км²) тиесілі. Ауданы үлкен қалалар өте төмен тығыздықпен сипатталатынын атап өткен жөн.

Төмендегі кестеден халық тығыздығы жоғары қалалар – Жезқазған (1843,4 адам/ш.км), Қаратау (985,9 адам/ш.км), Жаңатас (684,8 адам/ш.км), Рудный (649,1 адам/ш.км), Теміртау (617,2 адам/ш.км) және т.б. екені көрініп тұр. Балқаш (13,3 адам/ш.км), Ақсай (49,6 адам/ш.км), Сәтпаев (63,0 адам/ш.км) қалаларының аумақтары үлкен болғандықтан, тығыздығы бір шаршы километрге 100 адамға жетпейді (10-кесте).

10 – кесте. Моноқалалардың негізгі сипаттамалары (ауданы мен тығыздығы)

Облысы	Қала	Ауданы	Халық тығыздығы	Халық саны
		км ²	адам/км ²	адам
Қарағанды	Жезқазған	47,0	1 843,4	86 642
Жамбыл	Қаратау	30,0	985,9	29 602
Жамбыл	Жаңатас	32,5	684,8	22 241
Қостанай	Рудный	193,0	649,1	129 621
ШҚО	Алтай	57,5	631,8	36 330
Қарағанды	Теміртау	300,7	617,2	185 561
ШҚО	Риддер	95,7	565,9	54 156
Алматы	Текелі	60,0	541,7	32 501
Қарағанды	Абай	54,1	524,2	28 371
Қостанай	Арқалық	61,6	464,1	28 223
Ақтөбе	Хромтау	58,0	453,4	26 310
Қостанай	Лисаковск	144,9	408,1	40 951
Ақмола	Степногорск	142,2	330,7	68 288
Қостанай	Жітіқара	107,9	323,7	48 800
Қарағанды	Саран	161,0	323,0	51 985
Павлодар	Ақсу	144,0	317,5	45 226
Маңғыстау	Жаңаөзен	515,0	286,6	147 186
Қарағанды	Шахтинск	205,0	284,9	57 176
ШҚО	Серебрянск	34,4	248,2	8 539


**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ:
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

Павлодар	Екібастұз	665,0	214,2	142 462
Атырау	Құлсары	357,8	165,3	59 468
Қарағанды	Қаражал	152,4	130,7	18 645
Түркістан	Кентау	527,7	126,1	68 061
ШҚО	Курчатов	110,0	112,3	12 352
Қарағанды	Сәтпаев	1 103,2	63,0	69 764
БҚО	Ақсай	800,0	49,6	39 661
Қарағанды	Балқаш	5 915,9	13,3	78 793
Ескерту – автор құрастырған				

Мәселен, Жезқазған, Қаратау, Жаңатас және басқалары сияқты ауданы шағын қалалар аумағы үлкен қалаларға қарағанда халықтың тығыздығы жоғары. Моноқалалардағы халықтың тығыздығы орта есеппен 420,7 адам/км² құрайды.

2-бағыт «Экономика»

Моноқалалардың экономикасы. Моноқалалар арасында өнеркәсіп өндірісінің ең көп көлемі мұнай-газ саласы дамыған Құлсары қаласында тіркелді. Қарастырылып отырған кезеңдегі өнеркәсіп өндірісінің көлемінің орташа құны 4 779 554,5 млн теңге, Ақсайда (1 602 391,8 млн теңге), металлургтер қаласы Теміртауда (613 302,4 млн теңге), ең ірі көмір кен орны бар Екібастұзда (492 134 млн теңге) және Ақсу қаласында (492 134 млн теңге) құрайды, ал басқалары 2-суретте көрсетілген.



2 – сурет. Моноқалалардың өнеркәсіп өнімінің көлемі, млрд теңге

Ескерту – автор құрастырған

Хромтау, Ақсай, Жаңатас, Құлсары, Қаражал, Жаңаөзен, Рудный сияқты ірі өнеркәсіптік қалаларда өңдеуші өнеркәсіпке қарағанда тау-кен өнеркәсібі басым (80%-дан астам) (11-кесте). Мәселен, тау-кен өнеркәсібінің өнеркәсіп өнімінің көлемі Хромтау қаласында – 98,4%, Ақсайда – 97,3%, Жаңатаста – 93,9, Құлсарыда – 89,5, Қаражалда – 89,5, Жаңаөзенде – 86,7, Рудныйда – 80,9 құрайды.

**11 – кесте. Моноқалалардың тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі өндірісінің
2014-2020 жылдардағы орташа көлемі**

Облысы	Қала	Өнеркәсіп	Тау-кен өнеркәсібі	Өңдеу өнеркәсібі
		млн.теңге	млн.теңге	млн.теңге
Атырау	Құлсары	4 779 554,5	4 279 092,3	44 561,7
БҚО	Ақсай	1 602 391,8	1 559 616,2	38 430,1
Қарағанды	Теміртау	613 302,4	1 484,9	591 128,2
Павлодар	Екібастұз	492 134,9	272 965,5	63 446,3
Павлодар	Ақсу	419 923,1	2 642,7	353 515,4
Қарағанды	Балқаш	379 168,0	5 981,5	357 238,4
Қарағанды	Жезқазған	348 605,7	16 722,3	307 727,8
Қостанай	Рудный	313 602,6	253 758,7	38 000,9
Қарағанды	Абай	168 295,5	39 735,2	5 886,0
Маңғыстау	Жаңаөзен	156 186,5	135 439,9	12 767,3
Ақмола	Степногорск	118 618,9	22 886,8	81 828,3
ШҚО	Риддер	114 993,4	3 409,4	103 317,2
Ақтөбе	Хромтау	100 008,0	98 386,7	1 494,1
Қостанай	Жітіқара	44 720,9	34 173,9	8 629,7
Қостанай	Лисаковск	42 650,5	33 916,8	6 546,8
Қарағанды	Қаражал	36 026,2	32 177,9	3 476,3
Қарағанды	Сәтпаев	35 835,0	245,7	26 177,5
Түркістан	Кентау	26 967,9	409,1	25 467,2
Қарағанды	Саран	24 876,1	1 163,1	16 730,2
Алматы	Текелі	16 628,3	1 652,5	11 342,1
Жамбыл	Жаңатас	15 502,0	14 558,6	1 861,1
Қарағанды	Шахтинск	14 191,8	1 715,2	11 789,8
ШҚО	Алтай	9 180,3	1 930,4	4 382,1
Қостанай	Арқалық	7 967,2	4 092,4	2 454,7
Жамбыл	Қаратау	6 023,3	0,0	5 619,2
ШҚО	Серебрянск	3 432,9	0,0	324,8
ШҚО	Курчатов	2 675,3	1 305,8	620,3
Ескерту – автор құрастырған				

Өңдеу өнеркәсібіне маманданған моноқалаларға Теміртау (96,4%, металл өңдеу), Кентау (94,4%, трансформатор зауыты), Балқаш (94,2%, түсті металл өңдеу), Қаратау (93,3%, химия өнеркәсібі) және 11-кестеде көрсетілген басқа да қалалар жатады.

2014-2020 жылдардағы өнеркәсіп өндірісінің ең төменгі көлемі орта есеппен Курчатов қаласында (2 675,3 млн теңге), Серебрянск қаласында (3 432,9 млн теңге), Қаратауда (6 023,3 млн теңге) және Арқалық қаласында (7 967,2 млн теңге) байқалады.

3-бағыт «Қаржылық тұрақтылық»

Моноқалалардың барлығында дерлік жергілікті бюджеттің өзіндік кірісі бюджет шығыстарын жабуға жетпейді. Трансферттері болмаған қалалар жоқ. Кейбір мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға бағытталған трансферттер бар, олар бюджеттің жоғары деңгейлері арқылы жүзеге асырылады, соған байланысты бір қызметкерге немесе бір салық төлеушіге шаққандағы бюджеттің өзіндік түсімдері негізінде талдау жүргізілді. Бұл көрсеткіш салық түсіміне тура пропорционалды және жұмыспен қамтылғандар санына кері пропорционалды.

3-суретте бір қызметкерге шаққандағы бюджет түсімінің орташа мөлшері тұрақты емес екенін көрсетеді, өйткені түсімдер көлеміне ғана емес, сонымен қатар жұмыспен қамтылғандар санына да байланысты. Дегенмен, өндіріс көлемі жоғары Ақсу, Жаңаөзен, Рудный, Екібастұз және т.б. сияқты ірі өнеркәсіптік қалаларда (1-бағытта анықталған) бюджет түсімдері салыстырмалы түрде жоғары екенін атап өтуге болады.


Орташа алғанда, моноқалалар бойынша жергілікті бюджетке түсетін қаржылық түсімдер 101600 теңге/адамды құрайды.

Бір жұмысшыға шаққандағы жергілікті бюджетке ең аз (10 мың теңгеден аз) түсетін түсімдер Қаратау (адам басына 4,5 мың теңге), Хромтау (адам басына 4,9 мың теңге/адам), Жаңатас (6,9 мың теңге/адам), Серебрянск (8,6 мың теңге/адам) және т.б. қалаларда байқалады.

4-бағыт «ШОК субъектілерінің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру көлемі»

ШОК субъектілерінің өнімділігін 1 субъектіге шаққандағы тауарлар мен қызметтердің көлемін, сондай-ақ мың адамға шаққандағы тауар көлемін бағалау арқылы моноқалалар бөлінісінде тауарларды, жұмыстар

мен көрсетілетін қызметтерді өндіру көрсеткіштеріне компаративті талдау жүргізген жөн. Бұл тәсілдеме халық саны әр түрлі моноқалалардағы кәсіпкерліктің даму деңгейлерін объективті түрде салыстыра отырып, халық саны әртүрлі моноқалаларды «ортақ бөлгішке келтіруге» мүмкіндік береді [20-21].



3 – сурет. Трансферттерсіз бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер, бір жұмыскерге шаққандағы түсімдермен салыстырғанда
Ескерту – автор құрастырған

Бұл талдау шеңберінде өнімділікті ШОК өнім шығаруын (ақшалай баламада) жұмыс істеп тұрған субъектілер санына қатынасы ретінде түсіну керек. Мәселен, бір шаруашылық жүргізуші субъектіге шаққанда ақшалай түрде тауарлар мен қызметтердің ең көп көлемі Рудный (15,1 млн теңге); Текелі (14,7 млн теңге) және Теміртау (13 млн теңге) қалаларында тіркелді (12-кесте). Бұл шағын және орта кәсіпкерліктің жоғары өнімділігін көрсетеді.

Бұл қалалардағы өнімділіктің жоғары қарқыны бизнес құрылымдарының қала құрушы кәсіпорындармен қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді келісім-шарттар форматындағы өзара әрекеттесуіне байланысты. Мәселен, қаладағы 100-ден астам шағын және орта бизнес кәсіпорындары «Со-


колов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі» АҚ ірі кәсіпорын-мен келісім-шарт негізінде өндірістік қызметпен байланысты. Олар темір жол тасымалы, вагондармен қамтамасыз ету және жөндеу, жұмысшыларды тамақтандыру, арнайы киім тігу, жөндеу жұмыстарын орындау, денсаулық сақтау қызметтерін көрсетеді.

12 – кесте. 2020 жылы моноқалалардағы ШОК субъектілерінің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру көлемі

	Қала	Саны	ШОК субъектілерінің өндіру көлемі	Жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілері	Тіркелген ШОК субъектілерінің саны	1 ШОК субъектісіне шаққандағы өнім көлемі,
			млн.теңге	бірл.	бірл.	млн
1	Теміртау	185 561	113 133,7	8 699,3	10 140,7	13,0
2	Екібастұз	142 462	70 913,1	7 791,3	8 447,0	9,1
3	Рудный	129 621	67 968,7	4 492,7	5 737,7	15,1
4	Жаңаөзен	147 186	55 958,6	7 382,7	8 172,0	7,6
5	Жезқазған	86 642	48 385,0	4 921,0	6 029,9	9,8
6	Степногорск	68 288	44 826,0	3 591,9	4 281,4	12,5
7	Құлсары	59 468	41 584,9	5 815,3	6 691,7	7,2
8	Балқаш	78 793	30 207,7	4 264,7	5 319,0	7,1
9	Абай	28 371	25 280,5	2 110,0	2 489,7	12,0
10	Саран	51 985	23 021,1	2 138,7	2 478,6	10,8
11	Риддер	54 156	21 297,6	2 849,4	3 416,1	7,5
12	Хромтау	26 310	19 737,4	1 592,6	1 700,4	12,4
13	Ақсу	45 226	19 215,3	2 605,4	3 152,3	7,4
14	Текелі	32 501	17 760,8	1 205,9	1 713,0	14,7
15	Жігітқара	48 800	16 514,7	1 813,7	2 528,1	9,1
16	Арқалық	28 223	13 080,7	1 283,9	1 653,3	10,2
17	Алтай	36 330	12 383,9	3 148,4	3 907,3	3,9
18	Кентау	68 061	10 954,9	3 338,3	3 902,6	3,3
19	Сәтпаев	69 764	9 971,3	2 160,1	2 458,1	4,6
20	Лисаковск	40 951	9 534,9	1 466,7	2 195,0	6,5
21	Шахтинск	57 176	8 572,0	2 096,0	2 622,9	4,1
22	Қаражал	18 645	5 831,7	622,9	694,1	9,4
23	Жаңатас	22 241	4 574,1	1 294,1	1 562,6	3,5
24	Курчатов	12 352	3 307,1	488,3	573,2	6,8
25	Серебрянск	8 539	1 529,9	291,4	367,7	5,2
26	Қаратау	29 602	1 333,3	801,3	942,6	1,7
27	Ақсай	39 661	366,6	3 767,3	4 298,6	0,1

Ескерту – автор құрастырған

Бұл ретте шағын және орта бизнестің төмен өнімділігі Кентау (3,3 млн теңге), Қаратау (1,7 млн теңге) және Ақсай (0,1 млн теңге) қалаларында байқалады. 4-суретте жұмыс істеп тұрған субъектілер саны мен өндірілген тауарлар мен қызметтердің көлемі арасындағы елеулі алшақтық көрсетілген (12-кесте).



4 – сурет. Моноқалалардағы ШОК субъектілерінің тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін өндіру көлемі

Ескерту – автор құрастырған

Болжам бойынша, себептердің бірі зәкірлі жобаларды жүзеге асыру тиімділігінің төмен болуы мүмкін, нәтижесінде қала құраушы кәсіпорындар мен ШОК арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық мүмкін болмайды. Мысалы, Қаратау қаласында екі «зәкірлі» жоба жүзеге асырылды, оның біреуі 93 пайызға жүктелсе, екінші жоба бойынша жұмыс жабдықтардың істен шығуына байланысты тоқтап қалды. Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың ақпаратына сәйкес, 2020 жылы қосалқы және

қызмет көрсетуші өндіріс орындарын орналастыруға өтінімдер мен ұлт-тық компаниялар мен холдингтерден тапсырыстар түскен жоқ. Осыған байланысты жұмыс істеп тұрған ШОК шығаратын өнімдер нарықта сұранысқа ие емес. Осылайша, қала құраушы кәсіпорынның қызметі неғұрлым тиімді болса, оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өзара тиімді ынтымақтастық аясында жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілерінің өнімділігі соғұрлым жоғары болады. Ал, керісінше, зәкірлі жобаларды тиімсіз жүзеге асыру бизнес құрылымы субъектілерінің дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін (4-сурет)[23].

5-бағыт «Инженерлік-көлік инфрақұрылымы»

Инженерлік желілердің орташа тозуы түсінігін қаладағы инженерлік желілердің (кәріз, жылу, су жіберу, газ өткізу желілері және электр беру желілері) барлық түрлері бойынша орташа тозуы деп түсіну керек.

Моноқалалар бойынша қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың орташа үлесі қолданыстағы жолдардың жартысынан сәл астамын 54,6% құрайды, инженерлік желілердің тозуы 60,3%, орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету 93,9%, апатты және тозған тұрғын үйлердің үлесі 2,9%, инженерлік желілермен қамтамасыз етілген тұрғын үй қорының орташа үлесі 81,8% құрайды. Моноқалалар жағдайында инженерлік-көлік инфрақұрылымының жай-күйі 13-кестеде көрсетілген.

13 – кесте. **2014-2020 жылдар аралығында Қазақстанның моноқалаларындағы инженерлік-көлік инфрақұрылымы (орташа жағдайы)**

Облысы	Қала	Қаладағы жолдардың үлесі, қанағаттанарлық жағдайдағы	Инженерлік желілердің орташа тозуы	Орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету	Жалпы тұрғын үй қорынан апатты және тозған тұрғын үйлердің үлесі	Коммунальдық қызметтермен қамтамасыз етілген тұрғын үй қорының орташа үлес салмағы
		%	%	%	%	%
Ақмола	Степногорск	59,9	56,2	100,0	0,0	100,0
Ақтөбе	Хромтау	67,3	52,4	100,0	0,0	94,5
Алматы	Текелі	74,5	63,9	96,9	1,6	72,2
Атырау	Құлсары	34,7	25,8	99,0	7,4	62,3

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫ:
МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН КЕЛЕШЕГІ**

ШҚО	Риддер	86,5	73,3	97,1	0,3	87,7
ШҚО	Алтай	54,0	81,6	100,0	0,0	80,0
ШҚО	Курчатов	86,7	56,5	100,0	1,3	100,0
ШҚО	Серебрянск	21,1	73,0	87,8	0,0	80,7
Жамбыл	Жаңатас	40,9	43,5	81,4	4,8	78,9
Жамбыл	Каратау	40,9	36,6	84,3	2,6	72,8
БҚО	Ақсай	73,6	57,0	100,0	0,0	80,1
Қарағанды	Балқаш	62,6	83,3	95,4	0,0	93,7
Қарағанды	Жезқазған	34,3	67,0	100,0	1,6	72,8
Қарағанды	Сәтпаев	71,6	77,9	99,7	33,5	92,0
Қарағанды	Теміртау	62,2	70,9	77,7	0,6	100,0
Қарағанды	Абай	35,4	72,8	96,6	0,1	86,2
Қарағанды	Қаражал	45,3	53,1	77,9	2,2	44,9
Қарағанды	Саран	37,3	76,7	96,9	0,0	75,3
Қарағанды	Шахтинск	62,6	78,7	100,0	0,0	100,0
Қостанай	Рудный	70,8	55,4	100,0	0,0	96,7
Қостанай	Арқалық	64,2	80,8	90,4	9,1	84,5
Қостанай	Жітіқара	25,7	46,9	87,4	1,5	78,8
Қостанай	Лисаковск	36,1	33,7	100,0	0,0	100,0
Маңғыстау	Жаңаөзен	53,5	31,7	97,7	9,9	13,5
Павлодар	Ақсу	54,0	66,4	88,7	0,0	100,0
Павлодар	Екібастұз	76,5	68,2	87,7	0,0	100,0
Түркістан	Кентау	43,2	45,2	93,6	0,3	62,5
Ескерту – Дереккөз негізінде құрастырылған [25]						

Осылайша, қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың ең аз үлесі Се-
ребрянск (21,1%), Жітіқара (25,7%), Жезқазған (34,3%), Құлсары (34,7%),
Абай (35,4%) және т.б. сияқты қалаларда кездеседі.

Инженерлік желілердің ең көп тозуы Балқаш (83,3%), Алтай
(81,6%), Арқалық (80,8%), Шахтинск (78,7%), Сәтпаев (77,9%), Саран
(76,7%), т.б. қалаларында байқалады.

Бүгінгі күнге дейін орталықтандырылған сумен толық қамтамасыз
етілмеген қалалар бар. Мысалы, Теміртау (77,7%) және Қаражал (77,9%),
мұнда халықтың бестен бірінен астамы орталықтандырылған сумен
жабдықтау желілеріне қол жеткізе алмай отыр.

Жалпы тұрғын үй қорынан апатты және тозған тұрғын үйлердің ең
көп үлесі Сәтпаев (33,5%), Жаңаөзен (9,9%), Арқалық (9,1%) және т.б.

сияқты қалаларға тиесілі. Барлығы апатты және тозған тұрғын үйлері бар қалалардың саны 27 моноқаланың 15-ін (немесе 56%) құрайды.

6-бағыт «Демография»

Теміртау қаласында моноқалалар арасында ең көп халық саны бар, орташа халқының саны 185 561 адамды құрайды (10-кесте). 100 мыңнан астам халық саны бар моноқалалар қатарына Теміртау (185 561 адам), Жаңаөзен (147 186 адам), Екібастұз (142 462 адам), Рудный (129 621 адам) қалалары кіреді.

Кейбір қалалардың келешегі мен халқының тығыздығына қарамастан, халықтың кетуі байқалады. Есепті кезеңде 2014-2020 жылдар аралығында бес қалада жалпы теріс сальдо тіркелді: Екібастұз – 2 267, Ақсу – 2 911, Арқалық – 3 214, Риддер – 1 156, Хромтау – 938 адам. Сонымен қатар, Риддер қаласында халық қартаюының жоғары деңгейі (егде адамдардың 21,1%) себеп болатын теріс табиғи өсу қарқыны, яғни жоғары өлім-жітім байқалады (14-кесте).

44 – кесте. Моноқалалардың демографиялық жағдайы

Облысы	Қала	Халық саны, барлығы	Егде адамдардың үлесі	Жалпы көші-қон	Жалпы табиғи өсім
		адам	адам	адам	адам
Қарағанды	Теміртау	185 561	11,4	4 271,0	4 610,0
Маңғыстау	Жаңаөзен	147 186	8,1	7 160,0	26 628,0
Павлодар	Екібастұз	142 462	7,5	-2 267,0	7 178,0
Қостанай	Рудный	129 621	14,5	3 194,0	711,0
Қарағанды	Жезқазған	86 642	8,1	4 694,0	7 323,0
Қарағанды	Балқаш	78 793	8,6	3 589,0	3 850,0
Қарағанды	Сәтпаев	69 764	7,1	6 121,0	5 164,0
Ақмола	Степногорск	68 288	13,0	3 251,0	1 522,0
Түркістан	Кентау	68 061	5,5	3 578,0	18 539,0
Атырау	Құлсары	59 468	4,1	3 695,0	10 481,0
Қарағанды	Шахтинск	57 176	11,5	1 138,0	626,0
ШҚО	Риддер	54 156	21,1	-1 156,0	-827,0
Қарағанды	Саран	51 985	11,6	974,0	566,0
Қостанай	Жітіқара	48 800	13,6	3 664,0	247,0
Павлодар	Ақсу	45 226	10,8	-2 911,0	1 399,0
Қостанай	Лисаковск	40 951	16,5	1 088,0	448,0
БҚО	Ақсай	39 661	2,6	3 364,0	4 575,0


БҚО	Алтай	36 330	16,3	1 467,0	2 417,0
Алматы	Текелі	32 501	13,0	1 520,0	1 132,0
Жамбыл	Қаратау	29 602	7,2	1 072,0	2 947,0
Қарағанды	Абай	28 371	11,9	1 335,0	600,0
Қостанай	Арқалық	28 223	11,1	-3 214,0	2 446,0
Ақтөбе	Хромтау	26 310	7,4	-938,0	2 834,0
Жамбыл	Жаңатас	22 241	12,1	2 180,0	3 386,0
Қарағанды	Қаражал	18 645	10,6	502,0	1 663,0
ШҚО	Курчатов	12 352	7,4	797,0	633,0
ШҚО	Серебрянск	8 539	22,1	226,0	141,0
Ескерту – Дереккөз негізінде құрастырылған [25]					

7-бағыт «Еңбек нарығы»

Бұл бағытта моноқалалардағы экономикалық белсенді халық үшін экономикалық қызметтің негізгі саласы қызмет көрсету саласы болып табылатынын атап өтуге болады.

8-бағыт «Халықтың өмір сүру деңгейі»

Бұл бағытта халықтың орташа айлық жалақысы мен халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі зерттеледі.



5 – сурет. Моноқала және шағын қалалардың орташа айлық жалақысының салыстырмалы сипаттамасы


Ескерту – Дереккөз негізінде құрастырылған [26]

5-суреттен қаралып отырған кезеңде моноқалалар мен шағын қалалардағы ОАЖ шағын қалаларға қарағанда моноқалаларда екі есе дерлік жоғары

екені анық. Бұл ретте, ОАЖ ең жоғары мәні 378 159 теңгені құрайды, ол Жаңаөзен қаласына тиесілі, ал ең төменгі ОАЖ Қаратау қаласында (87 096 теңге) тіркелді (5.6-сурет).

Шағын қалаларда ең жоғары ОАЖ Форт-Шевченко қаласында, ал ең төменгісі – Қаскелең қаласында (74 900 теңге).

Моноқалаларда бір адамға шаққандағы орташа тұрғын үймен қамтамасыз ету шағын қалаларға қарағанда жоғары және 21,3 м² құрайды. Ал шағын қалаларда бұл көрсеткіш 20,0 м² құрайды. Сонымен қатар, тұрғын үймен қамтамасыз етілген ең жоғары аудан Сәтпаев қаласында (25,9 м²) және ең азы Текелі қаласында (15,5 м²) анықталды. Шағын қалаларда максималды қамтамасыз ету Булаево қаласына (34,6 м²), ең азы – Арыс қаласына (6,9 м²) тиесілі.



6 – сурет. **Облыстық көрсеткіштермен салыстырғанда моноқалалардың
оташа айлық жалақысы**

Ескерту – Дереккөз негізінде құрастырылған [26]

9-бағыт «Денсаулық сақтау»

Бұл саланы талдау кезінде жалпы халық санына шаққандағы аурухана төсек-орындарының саны салыстырылды. Бұл түрлендірілген көрсеткіш халықты стационарлық төсек-орынмен, яғни стационарлық емдеумен қамтамасыз етуді сипаттайтын болады.

Есептеу бір халыққа шаққандағы аурухана төсек-орындарының ең аз саны немесе халықтың ауруханалармен ең аз қамтамасыз етілуі Жаңаөзен қаласында (0,1%), ал ең жоғары қамтамасыз ету Жаңатас қаласында (2,25%) тіркелгенін көрсетті.

Шағын қалалар арасында ауруханалармен ең жоғары қамтамасыз етілу Форт-Шевченко қаласында (2,2%) және ең аз қамтамасыз ету Қазалы қаласында (0,18%) анықталды.

Тәулігіне 38 902 (49,4%) адамды амбулаторлық емдеу көрсеткішімен Балқаш қаласы басымдылықта тұр, алайда бұл күдік туғызады. Дегенмен, жергілікті билік өкілдері келтірген сандар бұл жағдайды растайды. Амбулаторлық емдеудің ең төмен көрсеткіші Жезқазған қаласына сәйкес келеді (тәулігіне 250 адам немесе жергілікті халықтың 0,29%).

Шағын қалалар арасында ең жоғары қамтамасыз ету Форт-Шевченко қаласына (13,19%) және ең төмені Қаскелең қаласына (0,19%) тиесілі.

10-бағыт «Білім»

Бұл салада балаларды орта біліммен қамтамасыз ету моноқалалар мен шағын қалаларда 100%-ды құрайды.

Моноқалаларда мектепке дейінгі білім берумен қамтамасыз ету 90,9%, ал шағын қалаларда 90,6% құрайды. Сонымен қатар, моноқалалардағы қамтамасыз етудің ең төменгі пайызы – 51,8% (Құлсары қаласы), ал шағын қалаларда – 43,9% (Қаскелең қаласы).

11-бағыт «Мәдениет және спорт»

Жергілікті атқарушы органдардың берген мәліметтеріне сүйенсек, мәдениет және спорт нысандары мүлде жоқ қалалар бар. Мәселен,

Үштөбе қаласында мәдениет нысандары да, спорт нысандары да жоқ. Қалған қалалардың барлығында мәдени нысандар бар. Сондай-ақ дене шынықтыру-сауықтыру мекемелері жоқ қалалар да бар. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені жоқ 16 қаланың 4-еуі моноқала (Текелі, Жезқазған, Сәтпаев және Шахтинск) және 12-і шағын қалалар (Қапшағай, Сарқанд, Үштөбе, Шемонаиха, Приозерск, Мамлютка, Сергеевка, Жем, Темір, Есіл, Ерейментау және Макинск).

12-бағыт «Экология»


Моноқалалар мен шағын қалалар арасында қоршаған ортаның ластануы нормадан жоғары қалалар бар. Бұл моноқалаларға 6 қала – Хромтау, Алтай, Серебрянск, Жезқазған, Теміртау және Екібастұз кіреді. Бұл әсіресе ірі өнеркәсіптік қалалар.

Шағын қалалардың арасында экологиялық жағдайы қолайсыз қалалар да бар. Оларға 7 қала – Шалқар, Қарқаралы, Алға, Жем, Қандыағаш, Ембі, Темір жатады. Бірақ бұл жерде кейбір қалаларда статистикалық мәліметтерде қалалық көрсеткіштердің болмауына байланысты аудандық көрсеткіштер ұсынылғанын ескеру қажет.

13-бағыт «Келешегінің болуы (мүмкіндіктер)»

Моноқалалар мен шағын қалалардың келешегі оның экономикалық мамандануын: минералды-шикізат ресурстарын, табиғи-климаттық жағдайларды және оның географиялық орналасуын ескере отырып, даму әлеуетіне байланысты.

Мәселен, облыс және қала әкімдіктерінің мәліметтері бойынша 7 моноқалада және 13 шағын қалада курорттық-профилактикалық аймақтар, рекреациялық аймақтар – 12 моноқалада және 17 шағын қалада, көлдер, өзен және ормандар – 19 моноқалада және 31 шағын қалада, тарихи-өлкетану нысандары – 15 моноқалада және 22 шағын қалада бар (7-сурет).



7 – сурет. Даму келешегі бар қалалар саны
Ескерту – Дереккөз негізінде құрастырылған [27]

6-суреттен көрініп тұрғандай, әсіресе шағын қалаларда туризмнің, қызмет көрсету салаларының және сәйкесінше сауданың даму келешегі бар.

Моноқалалардың даму келешегі олардың негізгі экономикалық мамандануы – тау-кен өнеркәсібі және өңдеуші өнеркәсіптер, сондай-ақ экономиканы әртараптандыруға бағытталған зәкірлі жобаларды іске асыру болып қала береді.

Талдау нәтижесінде 2014 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңдегі көрсеткіштер динамикасын ескере отырып, сонымен қатар қалалар арасындағы көрсеткіштерді салыстыруды ескере отырып, Институт моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту әлеуетін есептеді.

Әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мен даму үрдістері бойынша негізгі қорытындылар

Моноқалалар бойынша

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, еліміздің әрбір 14-ші тұрғыны – барлығы 1,141 миллионға жуық адам – 27 моноқаланың бірінде тұрады.

Олардың саны әр аймаққа байланысты өзгереді (15-кесте). Мысалы, Қарағанды облысында 8 моноқала болса, Қызылорда мен Солтүстік Қазақстан облыстарында жоқ. Моноқалалардың болуы аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін анықтайды, сонымен қатар елді мекеннің сипатына әсер етеді.

15 – кесте. Қазақстандағы моноқалалардың географиялық орналасуы

Облысы	Моноқала	Саны
Қарағанды	Теміртау, Абай, Саран, Қаражал, Сәтпаев, Балқаш, Шахтинск, Жезқазған	8
Қостанай	Рудный, Жітіқара, Лисаковск, Арқалық	4
ШҚО	Алтай, Серебрянск, Курчатов, Риддер	4
Жамбыл	Қаратау, Жаңатас	2
Павлодар	Екібастұз, Ақсу	2
БҚО	Ақсай	1
Алматы	Текелі	1
Ақтөбе	Хромтау	1
Ақмола	Степногорск	1
Маңғыстау	Жаңаөзен	1
Атырау	Құлсары	1
Түркістан	Кентау	1
Ескерту – Дереккөз негізінде құрастырылған [25]		

Моноқалалардың негізгі қызметі өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптермен байланысты. Моноқалалар өздерінің мамандануына байланысты ел экономикасының дамуына зор үлес қосуда: олардың үлесіне өнеркәсіп өндірісінің 40%-ы тиесілі.

Экономикалық көрсеткіштерді бағалау нәтижелері бойынша өндірістің және негізгі капиталға инвестицияның ең көп көлемі мұнай-газ кен орындарын игеру аймақтарында орналасқан Батыс моноқалалары болып табылады (Құлсары (4279,1 млрд теңге), Ақсай (1559,6 млрд теңге)) («Экономика» 2-бағытын қараңыз). Тиісінше, бұл қала тұрғындарының табыс деңгейі басқаларға қарағанда бірнеше есе жоғары. Мысалы,

Жаңаөзен қаласында орташа айлық жалақы – 378,2 мың теңге, Ақсай қаласында – 358,3 мың теңге, Құлсары қаласында – 350,2 мың теңге (8-бағытты қараңыз). Бұл Қаратау қаласы тұрғындарының кірісінен 4 есеге (87,1 мың теңге), ал Арқалық (99,4 мың теңге) және Серебрянск қалалары тұрғындарының кірісінен 3,5 есеге (105,7 мың теңге) артық.

Халық табысындағы бұл теңгерімсіздік қала құраушы кәсіпорындардың өндіріс көлемі төмендеуінің (пайдалы қазбалар қорларының сарқылуынан өндірістің төмендеуі, өнімге сұраныстың төмендеуі) және соның салдарынан экономиканы мәжбүрлі, бақылаусыз қайта бейіндеу салдарының бірі болып табылады.

Мәселен, кірісі төмен моноқалаларға Қаратау, Арқалық, Серебрянск қалаларын жатқызуға болады, олардың өнеркәсіптік өндіріс көлемі тиісінше 0,6 млрд теңге, 0,7 млрд теңге және 0,3 млрд теңгені құрайды. Бұл ретте олардың өңірлік өнеркәсіп көлеміндегі үлесі өте мардымсыз және 0,3%-ды ғана құрайды. Қала құраушы кәсіпорындардың өндіріс көлемінің төмендеуі еңбек ресурстарының біржақты мамандануымен күрделене түседі, олар өз тәжірибесі мен дағдыларын іс жүзінде қолдана алмай, көшуге, қызмет саласын өзгертуге немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың санын толықтыруға мәжбүр болады.

Талданып отырған кезеңде моноқала тұрғындарының жалпы санының 1,5 пайыздан астам қысқаруы байқалады. 11 моноқалада (немесе 41%) оның өсімі теріс сипатқа ие: ауқымы Сәтпаев қаласында -0,1-ден Серебрянск қаласында -9,0-ге дейін. Халық санының ең көп төмендеуі Алтай, Риддер, Ақсу, Серебрянск, Арқалық моноқалаларында байқалады. Құлсары, Хромтау, Ақсай, Кентау, Қаратау моноқалаларында оң өсім байқалады.

Сонымен қатар, демографиялық көрсеткіштерді динамикалық бағалау негізінде жас халықтың көші-қоны мен теріс табиғи өсімнің салдары болып табылатын қартаю процесінің қарқындылығы байқалады (Риддер қаласында (- 827 адам)). Мәселен, моноқалалардағы егде жастағы тұрғындардың үлесі Сәтпаев қаласында 7,1%-дан Серебрянск қаласында 22,1%-ға дейін ауытқиды. 2014 жылдан бастап моноқалалардың

көпшілігінде жұмыспен қамтылған халық саны азайып келеді. Алайда Жаңаөзен, Екібастұз, Ақсай, Қаратау, Абай және Жаңатас қалаларына жағдай басқаша.

Бұл жағдай аумақты одан әрі дамыту әлеуетіне теріс әсер етіп, ұзақ мерзімді, тұрақты экономикалық даму үшін қаржылық тұрақтылық пен еңбек ресурстарының қолжетімділігіне күмән келтіреді.

Сонымен қатар, басқа моноқалаларда қызмет көрсету саласы басым бола отырып, жұмыспен қамту құрылымын өзгерту үрдісі байқалады. Мәселен, АӘМ мәліметтерін салыстырмалы талдау нәтижелері бойынша Алтай, Серебрянск, Курчатов, Жаңатас қалаларының жұмыспен қамтылған халқының 70% астамы қызмет көрсету саласында жұмыс істейді. 11 моноқаланың (Теміртау, Хромтау, Балқаш, Лисаковск, Жезқазған, Саран, Риддер, Текелі, Рудный, Степногорск, Ақсай) құрылымда да қызмет көрсету саласы басым (50%-дан астам), алайда жұмыспен қамтылғандардың 30%-дан астамы өндіріске тартылған. Бұл, бір жағынан, қала құраушы кәсіпорындардың жұмыс істеуінің тұрақтылығын және олардың өндірісінің әртараптандырылуын көрсетуі мүмкін. Екінші жағынан, бұл шикізат қорларының сарқылуымен және кәсіпорындар өндіретін өнімге сұраныстың төмендеуімен байланысты өндірістің ықтимал төмендеуіне байланысты мәселелердің бар екенін жоққа шығармайды.

Сонымен қатар, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың салыстырмалы түрде жоғары үлесі бар қалалар тобы анықталды: Арқалық (31,5%), Жітіқара (26,4%), Кентау (22,5%). Экономиканың депрофилизациясы көп функциялы өмір сүру режиміне көшу қажеттілігіне байланысты.

Арқалық және Кентау қалаларының халықты жұмыспен қамту құрылымын және өнеркәсіпте жұмыспен қамтылғандардың үлесі 20%-дан (тиісінше 16,1% және 7,1%) төмен екендігін ескерсек, бұл елді мекендер енді моноқалалар емес деп айтуға болады.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әртүрлі моноқалалар халқының өмір сүру деңгейінде айтарлықтай дифференциация

анықталды. Ең алдымен, бұл жалақы деңгейінде көрінеді. 9 қалада (Ақсай, Құлсары, Жаңаөзен, Сәтпаев, Екібастұз, Жезқазған, Ақсу, Рудный, Балқаш) орташа айлық жалақының мөлшері 5 және одан да көп ең төменгі күнкөріс деңгейін құрайды. Негізінен бұл даму әлеуеті жеткілікті қалалар тобына жататын қалалар. Бұл ретте 8 қалада (Хромтау, Алтай, Жаңатас, Арқалық, Серебрянск, Кентау, Текелі, Қаратау) жалақы деңгейі ең төменгі күнкөрістің 4 деңгейіне жетпейді.

Жалпы, 11 қалада қала бойынша орташа айлық жалақы облыстық орташа деңгейден төмен (Алтай, Шахтинск, Теміртау, Кентау, Жаңатас, Абай, Саран, Хромтау, Текелі, Арқалық, Қаратау, Серебрянск). Бұл топқа даму әлеуеті орташа және төмен қалалар кіреді. Бірқатар сарапшылардың пікірінше, қанағаттанарлықсыз өмір сүру жағдайларымен қоса мұндай материалдық диспропорциялардың болуы әлеуметтік қақтығыстардың пайда болуына түрткі болуы мүмкін.

Моноқалалардың барлығында дерлік әлеуметтік және инженерлік-техникалық инфрақұрылымның тозуы жоғары болғандықтан, олардың негізгі нысандары мен қызметтеріне қолжетімділік шектеулі. Мәселен, әкімдіктер берген ақпаратқа сәйкес, 2020 жылы сумен жабдықтау және кәріз желілерінің орташа тозуы 61,1%-ды құрады. Бұл ретте Арқалық, Балқаш, Шахтинск, Теміртау қалаларында оның мөлшері 82%-дан 90%-ға дейін ауытқиды. Жылу желілерінің тозуы 54,5% (Арқалық және Серебрянск – 85%, Степногорск, Алтай, Балқаш – 80%), электр желілерінің тозуы – 55,3% (Шахтинск – 85%, Арқалық – 81%, Серебрянск – 75%) жетеді.

Моноқалалардың 41%-ы (немесе 27-нің 11-і) жолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайымен сипатталады. Ең жоғары көрсеткіштер Серебрянск (78,9%), Жітіқара (74,3%), Жезқазған (65,7%), Абай (64,6%), Құлсары (65,3%), Лисаковск (63,9%), Саран (62,7%), Жаңатас және Қаратау (59,1%), Кентау (56,8%), Қаражал (54,7%) қалаларында байқалады.

Әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға жыл сайын республикалық бюджеттен қаржыландыру бөлінеді. Алайда, бөлінген қаржы моноқалалардың бүгінгі қажеттілігін өтеуге жетпейді.

Зерттеу барысында анықталғандай, көптеген моноқалалардың бюджеті қаржылық тұрақсыз (олардың кірістері өз шығындарын өтемейді). Сондықтан жергілікті мәселелердің өзі «орталықтың» қатысуынсыз шешілмейді. Сонымен қатар, бюджеттік процестердің бюрократиялық сипатын ескере отырып, оларды шешу мүмкіндіктері өте аз болып қалады.

Моноқалалардың экономикасын әртараптандыру факторы ретінде шағын және орта бизнесті қолдауға ерекше көңіл бөлінеді. Қаржы қаражаттарын (субсидиялар, гранттар, кепілдіктер, шағын несиелер) жүйелі пайдалану жұмыс істеп тұрған ШОК субъектілерінің санын 10%-ға және олардың жалпы өнімінің көлемін 2 еседен астам арттыруға мүмкіндік берді (2015-2020 жж. кезеңінде).

Кейбір моноқалаларда ШОК халықты қажетті тауарлармен және қызметтермен қамтамасыз ету ғана емес, сонымен қатар қала құраушы кәсіпорындардан жұмыстан босатылған жұмысшыларды жұмыс орындарымен қамтамасыз етуде әлеуметтік функцияны орындайтынын атап өту қажет. Бұл әсіресе қала құраушы кәсіпорындарды қайта құру кезеңінен өтіп жатқан моноқалалар үшін өзекті.

Негізінен ШОК мемлекеттік қолдау шаралары қаржы құралдарын пайдалануға бағытталған. Мәселен, талданған кезеңде 2 мыңға жуық жоба субсидияланды. 2020 жылы бір салық төлеушіге шаққандағы бюджет түсімдерінің жалпы көлемі барлық моноқалалар бойынша 101,6 мың теңгені құрады, оның ішінде ең аз түсімдер Қаратау (4,5 мың теңге), Хромтау (4,9 мың теңге) және Жаңатас (6,9 мың теңге) қалаларында тіркелді.

27 моноқала бойынша «Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіру көлемі» көрсеткішінің орташа мәні 25,9 млн теңгені құрады. Ең көп көлем

Теміртау (113,1 млн теңге), Екібастұз (70,9 млн теңге) және Рудный (67,9 млн теңге) қалаларында тіркелді.

Сонымен қатар, жекелеген бағыттар (экология, мәдениет және спорт, өмір сүру сапасы) бойынша даму әлеуеті бар моноқалалардың (Екібастұз, Кентау, Риддер, Жезқазған, Сәтпаев) анықталған төмен нәтижелері бірінші кезектегі шешімді талап ететін жүйелі мәселелердің бар екендігін айғақтайды. Мәселен, әлемдегі ең ірі көмір кен орындарының бірі саналатын Екібастұз қаласында қоршаған ортаны қорғау мәселесі шиеленісіп тұр. Қабылданған қоршаған ортаны қорғау шараларына қарамастан, ауаның ластану деңгейі рұқсат етілген нормалардан айтарлықтай асып түседі.


Бастапқы әлеует шегінде бағаланған басқа облыстарда Екібастұз қаласы ең жоғары баллды (655) жинады, бұл мүмкін болатын максималды көрсеткіштің (1260) 50%-дан сәл аз. Қалған қалалар үшін бастапқы әлеуеттің орташа мәні 471 балл болып тіркелді, бұл мүмкін болатын максималды мәннің үштен біріне дерлік (37,3%) құрайды.

Зерттеу нәтижелерінен көрініп тұрғандай, моноқалалардың ешқайсысы әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша 50% бастапқы әлеуеттің шекті деңгейінен аса алмады. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайды едәуір шектейтін жүйелік мәселелер кешенінің теріс әсерінің салдары болып табылады.

Түпкілікті әлеуетті анықтау тұрғысында, яғни келешек өлшемшарты бойынша өсу коэффициентін қолданғаннан кейін (ОДҚ әсер ету аймағында және шекаралық аумақта орналасуы) сегіз моноқаланың (Хромтау, Текелі, Теміртау, Абай, Саран, Рудный, Ақсу, Ақсу) позициялары айтарлықтай жақсарып келеді. Осы өлшемшартқа сәйкестік моноқалаларға көлік дәліздерінің, ресурстардың және жақын маңдағы «өсу нүктелері» нарықтарының әлеуетін пайдалану арқылы олардың мүмкіндіктерін кеңейте отырып, артықшылық береді [26].

Түпкілікті әлеует нәтижелері бойынша моноқалалар төрт топқа бөлінеді. 1-топқа интегралдық көрсеткіштің ең жоғары жиынтық мәндеріне қол жеткізген жетекші қалалар, ал 4-топқа ең төменгілері

кіреді. Моноқалалардың бөлінуі келесідей (8-сурет):



600 баллдан жоғары	500-ден 599 баллға дейін	400-ден 499 баллға дейін	399 баллдан төмен
Теміртау, Рудный, Ақсу, Екібастұз, Кентау	Степногорск, Құлысары, Риддер, Балқаш, Жезқазған, Сәтпаев, Жаңаөзен	Хромтау, Текелі, Жаңатас, Ақсай, Абай, Саран, Шахтинск, Лисаковск	Алтай, Курчатов, Серебрянск, Қаратау, Қаражал, Арқалық, Жітіқара

8 – сурет. Түпкілікті әлеует мәндеріне байланысты моноқалаларды бөлу;
моноқалалар саны

Ескерту – Дереккөз негізінде құрастырылған [15]

Жоғарыдағы көрсеткіштен көрініп тұрғандай, моноқалалардың 44,4%-ы (немесе 12) (1 және 2-топтар) 500-ден 677 баллға дейін жинады, бұл орташа мүмкін болатын ең жоғары көрсеткіштің 40%-ын құрайды. Айта кету керек, бұл топтарға жалпы халық саны 995,6 мың адамды құрайтын барлық дерлік ірі қалалар кірді. Бұл топтар экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша өнеркәсіп өндірісінің көлемі, инженерлік инфрақұрылым тозуының төмендеуі, қанағаттанарлық жағдайдағы жол төсемдерінің үлесі, тұрғын үй қорының көлемі секілді оң динамиканың басым болуымен сипатталады. Дегенмен, қалыптасқан ұзақ мерзімді даму үрдістері ең алдымен демографиялық (көші-қон ағыны және халықтың қартаюы нәтижесінде халық санының азаюы); экономикалық (өндіріс көлемінің төмендеуі, «зәкірлі

жобаларды» жүзеге асырудың жеткіліксіз тиімділігі, пайдалы қазбалардың балама көздерін іздеу) және экологиялық (қоршаған ортаның ластану деңгейі заңмен белгіленген нормалардан жоғары) [26] сипаттағы жүйелі мәселелер кешенінің болуын жоққа шығармайды. 3 және 4-топтарға түпкілікті әлеуеттің 499 баллына дейін немесе мүмкін болатын ең жоғары деңгейдің үштен бірінен азын жинаған моноқалалардың 55,6% (немесе 15) кірді. 2020 жылға арналған ақпаратқа сәйкес, бұл моноқалаларда шамамен 417 мың адам тұрады, бұл алғашқы екі топтың санынан 2,4 есеге аз.

Бұл қалалар әлеуметтік-экономикалық жағдайды және дамуды бағалау үшін қолданылатын бірқатар негізгі көрсеткіштер бойынша жағымсыз үрдістер басым болатын қолайсыз әлеуметтік-экономикалық жағдаймен сипатталады.

Атап айтқанда, моноқалалар халықтың табиғи азаюы мен көші-қон ағынының теріс мәндері бойынша, сондай-ақ еңбекке жарамды жастан асқан адамдардың айтарлықтай жоғары үлесі бойынша көшбасшы болып табылады. Бірыңғай мамандандырылған, қала құраушы кәсіпорындардың жабылуы жұмысшылардың жаппай қысқартылуына әкеліп соқты, бұл өзін-өзі жұмыспен қамтыған халық үлесінің артуына және еңбек нарығындағы ұсыныс сапасының төмендеуіне, сондай-ақ халықтың кіріс деңгейінің төмендеуіне әкелді.

Сонымен қатар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық желілерінің жоғары дәрежеде тозуы жүйелі мәселе болып табылады. Осы мәселелердің барлығы моноқалалардың одан әрі даму әлеуетіне кері әсерін тигізуде. Бұл жағдай ішінара банкроттыққа немесе оларды өндіру көлемінің айтарлықтай қысқаруына байланысты және соның салдарынан мәжбүрлі, сирек жағдайлардағы сәтті экономикалық қайта бейіндеуге байланысты (Текелі, Саран, Степногорск қалалары).

Қоршаған орта ластануының жоғары деңгейімен және ҚТҚ кәдеге жаратудың жоқтығымен байланысты экологиялық мәселелер де моноқалалар әлеуетіне теріс әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Олардың ең жақын сату нарықтарынан шалғайлығы, «өсу нүктелері», сондай-ақ транзиттік әлеуеттің жоқтығы секілді қолайсыз географиялық орналасуы да сол дәрежеде әсер етеді.



3. МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ЖЕТІЛДІРУ

3.1. Моноқалаларды дамыту саясатын жетілдіруге арналған ұсынымдар

Моноқалалардың дамуына жүргізілген талдау негізінде Қазақстандағы моноқалаларды дамыту саясатын жетілдіру бойынша келесі шараларды ұсынуға болады [27]:

- Қазақстандағы моноқалалардың ағымдағы тізімін жаңарту. Мысал ретінде ресейлік тәжірибені пайдалана отырып, моноқалаларды әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне қарай жіктеуді оңайлату мүмкіндігін қарастыру ұсынылады;

- Ресей тәжірибесі мысалында моноқаланың географиялық орналасуының жаңа өлшемшартын ұсыну. Моноқалалардың тізбесінен облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларға тікелей жақын жерде (50 км шегінде) орналасқан, яғни функционалдық

урбанизацияланған аумақтар мен қалалық агломерациялардың әсер ету аймағына кіретін қалаларды алып тастау ұсынылады. Бұл моноқалалар агломерация эффектісін пайдалана отырып, өз бетінше дами алады деп ойлаймыз. Мұндай өлшемшарттың қабылдануы моноқалалар санын 27-ден 20 бірлікке дейін қысқартуға және оларды дамытуға күш салуға мүмкіндік береді. ОДҚ және агломерациялардың ықпал ету аймағында орналасқан моноқалаларға Текелі, Саран, Теміртау, Шахтинск, Абай, Кентау, Ақсу қалалары жатады;

- Қолданыстағы шараларды қосуды және моноқалаларды дамытудың жаңа тәсілдеріне сәйкес келетін жаңа шараларды әзірлеуді ескере отырып, Моноқалаларды мемлекеттік қолдау шараларының бірыңғай тізбесін әзірлеу;

